2026 жылғы 28 қыркүйекте Смағұл Сәдуақасұлы атындағы №78 мектеп-гимназиясында **«Барлық мамандық маңызды!»** ұранымен мектепішілік кәсіптік бағдар беру фестивалі өтті.

Фестивальдің негізгі мақсаты – оқушылардың мамандықтар әлемі туралы түсінігін кеңейту, кәсіби қызығушылығын арттыру, өз қабілеті мен қызығушылығын тануға мүмкіндік беру және ата-ана мен бала арасында болашақ мамандық туралы ашық пікір алмасу мәдениетін қалыптастыру.

Фестивальге **9–10 сынып оқушылары мен ата-аналары** қатысты. Қатысушылар **«1 оқушы + 1 ата-ана»** форматында команда болып бақ сынады.

Фестиваль барысында қатысушылар:

«Біздің команда» бөлімінде өз командаларын таныстырды;

«Мамандықты тап!» кезеңінде мамандықтарға қатысты сұрақтарға жауап беріп, жылдам ойлау қабілеттерін сынады;

«PROFESSION QUEST» квестінде төрт қызықты станциядан өтті:

1-станция – «Кәсіби жедел жәрдем»

Берілген жағдаятқа қандай мамандар қажет екенін анықтап, олардың әрекетін түсіндірді.

2-станция – «Құпия қорап»

Қораптағы затты сипап сезу арқылы анықтап, оның қай мамандыққа қатысты екенін тапты.

3-станция – «Кәсіби пантомима»

Сөз қолданбай, тек қимыл арқылы мамандықтарды көрсетіп, команда мүшелерінің шапшаңдығы мен шығармашылығын танытты.

4-станция – «Мамандықты жарнамалаңыз»

Қатысушылар берілген мамандықты қысқа уақыт ішінде ұран, мәтін және сахналық қимыл арқылы шығармашылық түрде таныстырды.

Фестиваль барысында қатысушылар әр мамандықтың өзіндік орны, жауапкершілігі және қоғамға қосар үлесі бар екенін түсінді.

#PROFESSIONFEST2026
#БарлықМамандықМаңызды
#МамандықТаңдамаБолашағыңдыТаңда
#КәсіптікБағдар
#Мектеп78
#АтаАнаБалаБірКоманда
#БолашақМамандық


БАРЛЫҚ МАМАНДЫҚ МАҢЫЗДЫ!
PROFESSION FEST – 2026
ДИПЛОМ


ДИПЛОМ


ДИПЛОМ